

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы басшысының (ректор) үлгілік біліктілік сипаттамасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2024 жылғы 27 маусымдағы № 274-НҚ бұйрығы.

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы басшысының (ректор) үлгілік біліктілік сипаттамасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Білім және ғылым департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Балаева

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім
министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрлігі

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат
министрінің
2024 жылғы 27 маусымдағы
№ 274-НҚ бұйрығымен
бекітілген

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы басшысының (ректор) үлгілік біліктілік сипаттамасы

1-тарау. Кіріспе

1. Осы Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы басшысының (ректор) үлгілік біліктілік сипаттамасы Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 16-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қолдануы үшін міндетті.

2. Басшының (ректор) үлгілік біліктілік сипаттамасы (бұдан әрі – Сипаттама):

басшының (ректор) міндеттерін, құқықтары мен жауаптылығын бекітетін лауазымдық нұсқаулығын әзірлеуге;

басшыны (ректор) аттестаттаудан өткізуге негіз болады.

3. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының штат кестесіндегі лауазымның атауы осы Сипаттамада көзделген лауазымның атауына сәйкес келуі тиіс.

2-тарау. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы басшысының (ректор) үлгілік біліктілік сипаттамасы

Ескерту. 2-тарауға өзгеріс енгізілді – ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің 06.02.2025 № 48-НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Лауазымдық міндеттері: Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын тікелей басқару қолданыстағы заңдардың, нормативтік құқықтық актілердің, жарғының және жеке-дара басқару мен алқалықты үйлестіру қағидаттарында жасалған ұжымдық шарттар негізінде жүзеге асырады. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының мақсаты мен даму стратегиясын айқындайды. Оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, ұйымдық-шаруашылық және қаржы-экономикалық қызметіне басшылық етеді, қабылдаған шешімдерге, материалдық активтердің сақталуына және оның тиімді пайдаланылуына жауапты болады. Барлық құрылымдық бөлімшелердің жұмысын және тиімді өзара іс-қимыл жасасуын ұйымдастырады, әлеуметтік басымдықтарды және ел экономикасында мамандарға деген қажеттілікті ескере отырып, олардың қызметін білім беру және ғылыми процестерді жетілдіруге бағыттайды. Біліктілігі жоғары мамандарды даярлау мақсатында білім беру, ғылыми және тәрбие жұмыстарының сапасы мен тиімділігін қамтамасыз етеді. Жоғары білімді дамыту саласындағы соңғы жетістіктерді ескере отырып, ұйымның материалдық-техникалық базасының деңгейін қамтамасыз етеді. Мекеменің бюджет, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың, өнім берушілердің, тапсырыс берушілердің, кредиторлардың алдындағы барлық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз етеді. Білім берудегі жаңа техникалар мен технологияларды,

отандық және шетелдік тәжірибені пайдалану, еңбекті басқарудың және ұйымдастырудың прогрессивті нысандарын пайдалану саласындағы соңғы жетістіктер негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын басқаруды ұйымдастырады. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының материалдық және техникалық ресурстарды жұмсаудың және ұтымды пайдаланудың негізделген нормалары негізінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымын басқаруды ұйымдастырады. Мамандарды даярлау тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының ғылыми ұйымдарымен, аралас білім беру ұйымдарымен ғылыми байланысты ұйымдастырады.

Білім және ғылым саласындағы халықаралық ынтымақтастықты кеңейтеді және қолдайды. Мамандарды даярлау сапасын арттыру мақсатында оқу жоспарлары мен қосымша білім беру бағдарламаларын бекітеді. Мекемені білікті кадрлармен қамтамасыз ету жөнінде, профессор-оқытушылар құрамы мен мекеме жұмыскерлерінің өзге де санаттарының біліктілігін тұрақты түрде арттыру жөнінде шаралар қабылдайды. Кәсіптік білім мен тәжірибе алмасуды пайдалану және дамыту, қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтау жөніндегі шараларды қамтамасыз етеді. Басшылықтың экономикалық және әкімшілік әдістерді дұрыс үйлестіруін, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қызметкерлерінің жұмыс тиімділігін арттырудың материалдық және моральдық ынталандыру қағидаттарын қолдануды, әрбір жұмыскердің оған тапсырылған іс пен оның жұмыс нәтижесі үшін материалдық мүдделілігі мен жауаптылығы қағидаттарын қолдануды, заңнамада белгіленген мерзімде жалақы төлеуді қамтамасыз етеді.

Ұйымның ұжымымен бірлесіп әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасуды және орындауды, еңбек және өндірістік тәртіпті сақтауды қамтамасыз етеді, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының қызметкерлерін еңбекке ынталандыруды, олардың бастамалары мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді. Оған берілген құқықтар шегінде жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының қаржылық, экономикалық, өндірістік-шаруашылық қызметінің мәселелерін шешеді, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы қызметінің жекелеген бағыттарын жүргізуді басқа лауазымды адамдарға – проректорларға (орынбасарларға), жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшелерінің және филиалдарының, сондай-ақ функционалдық және әкімшілік құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына тапсырады. Штат кестесін бекітеді. Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан шығаруды жүзеге асырады. Берілген өкілеттіктері шеңберінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының қызметінде және оның шаруашылық-экономикалық байланыстарын жүзеге асыруда, сондай-ақ қаржыны

басқару кезінде құқықтық құралдарды пайдалануда, шарттық және қаржылық тәртіпті, әлеуметтік еңбек қатынастарын нығайтуда заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметі саласын қолдау және кеңейту мақсатында білім берудің инновациялық технологияларын енгізуді және тартуды қамтамасыз етеді. Сотта, төрелікте жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының мүліктік мүдделерін қорғайды. Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының атынан сенімхатсыз әрекет етеді, мемлекеттік билік және басқару органдарында мекеменің мүддесін білдіреді. Мемлекеттік құпияны қорғау және сақтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруға және жағдайлар жасауға, сондай-ақ жалпы жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының қызметіне дербес жауапты болады.

Тиісті саланың уәкілетті органына (құрылтайшыға) оқу орнының оқу, ғылыми және қаржылық қызметінің нәтижелері туралы жыл сайынғы есепті ұсынады.

Мыналарды: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Ғылым туралы", "Мәдениет туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы", "Мемлекеттік сатып алу туралы", "Мемлекеттік мүлік туралы" заңдарын, Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасы мәдени саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру, ғылыми, өндірістік-шаруашылық, қаржы-экономикалық қызметін регламенттейтін басқа да нормативтік құқықтық актілерді, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлау саласындағы әдістемелік материалдарды, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының саласын техникалық және ғылыми дамыту перспективаларын, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының кадр ресурстарын, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қосымша білім беру) саласындағы шетелдік білім беру мекемелерінің ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелерін, еңбек заңнамаларын, еңбекті қорғау қағидалары мен нормаларын білуі тиіс.

Біліктілікке қойылатын талаптар: жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі, білім беру ұйымдарында және (немесе) уәкілетті органның тиісті салаларында басшылық лауазымдарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ